

**Жалпы орта білім беру ұйымдарының педагогтарына арналған
«Аттестаттауға дайындық: педагогтің кәсіби өсу стратегияларын тиімді
қалыптастыру» атты біліктілікті арттыру курсының
білім беру бағдарламасының
САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Сараптамаға «Технологии и образование» ЖШС әзірлеген Жалпы орта білім беру ұйымдарының педагогтарына арналған «Аттестаттауға дайындық: педагогтің кәсіби өсу стратегияларын тиімді қалыптастыру» атты біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) ұсынылды.

«Аттестаттауға дайындық: педагогтің кәсіби өсуінің тиімді стратегияларын қалыптастыру» (бұдан әрі – Бағдарлама) атты біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне арналған және аттестаттаудан сәтті өтуге, жеке даму траекториясын жоспарлауға және білім беру қызметінің сапасын арттыруға қажетті кәсіби құзыреттерді жетілдіруге бағытталған.

Бағдарлама «Аттестаттауға дайындық: педагогтің кәсіби өсуінің тиімді стратегияларын қалыптастыру» біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы Қазақстан Республикасындағы білім беру, кәсіби даму және педагог қызметкерлерді аттестаттау саласындағы өзекті нормативтік-құқықтық талаптарға сәйкес әзірленген практикалық-бағдарланған білім беру курсы болып табылады.

Бағдарламаның мазмұны педагогтердің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №83 бұйрығы талаптарына сәйкес аттестаттаудан сәтті өтуіне қажетті кәсіби құзыреттерін дамытуға, сондай-ақ білім беру қызметінің сапасын бағалау критерийлерін (№486 бұйрық) және педагогикалық құжаттаманы жүргізу талаптарын (№130 бұйрық) ескере отырып, кәсіби өсудің жеке траекториясын жоспарлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама мұғалімнің көшбасшылығын дамытуға жәрдемдесудің ерекше нысаны болып табылады, оның мәні мұғалімдердің тәжірибені жақсартуға бастамашы болып, өзгерістер енгізу үшін әріптестермен стратегиялық шешімдер қабылдауға ықпал етеді. Бірлескен қызметте фактілерді жинау және пайдалануда кәсіптік білімді құруға және таратуға үлес қосады.

Бағдарлама білім беруді цифрландыру, білім беру саласындағы соңғы тенденцияларды және зерттеулерді ескере отырып әзірленген. Бұл педагогтерге өзгерістерге бейімделуге ғана емес, сонымен қатар заманауи білім беру кеңістігін белсенді игеруге мүмкіндік береді. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуды қамтамасыз ететін оқу іс-шараларын жобалауға қажетті дидактикалық және технологиялық білімдер мен дағдыларды дамытады.

2-бөлім. Глоссарий бағдарлама талаптарына сәйкес оқытушының жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы мен кәсіби дамуына бағытталған. Кәсіби құзыреттердің тапшылығы, оқытуды саралау, Білім алушылардың

жеке ерекшеліктері, бағалау құралдары, оқыту сапасы тағы да басқа негізгі ұғымдар мен терминдерді пайдаланған. жетілдіру және оқу материалдарын жобалауға, жоспарлау негізінде кәсіби құзыреттілігін дамытуға негізделген.

3- бөлім. Бағдарлама тақырыбы

Бағдарлама педагогтерді формальды, формальды емес және ақпараттық білім беруді ықпалдастыра отырып, өзінің кәсіби траекторияларымен дербес басқаруға баса назар аударуымен ерекшеленеді, бұл оны бар баламалармен салыстырғанда бірегей етеді.

Бағдарлама тренерлік, фасилитациялық сессияларды және педагогтердің өзіндік жұмысын қоса алғанда, аралас оқыту форматындағы әртүрлі деңгейлердегі мазмұнды игеруді көздейді. Бағдарлама дербес оқыту тәжірибелері мен әдістемелерін жетілдіруді, білім алушылардың жоғары ойлау (салыстыру, талдау, бағалау т.б.) деңгейлерін, сыни ойлау дағдыларын, креативтіліктерін дамытуға баса назар аударады. Педагогтердің кәсіби қызметтің нормативтік-құқықтық негіздері мен педагогтерді аттестаттауға қойылатын жаңартылған талаптар, оның ішінде біліктілік санаттары мен бағалау критерийлерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Бағалау критерийлері контекстінде педагогикалық рефлексияның, оқу нәтижелерін және кәсіби қызметті талдаудың рөлі артады.

Бағдарламада келесі практикалық дағдыларды қалыптастыруға ерекше назар аударылады:

- аттестаттау рәсімдеріне дайындық (портфолио, аналитикалық материалдар, кәсіби қызметтің өзін-өзі бағалауы);
- педагогтің кәсіби қызметін бағалау критерийлерін қолдану;
- белгіленген талаптарға сәйкес міндетті педагогикалық құжаттаманы жүргізу;
- білім сапасының мониторингі нәтижелерін кәсіби өсу үшін пайдалану.

Бағдарлама заманауи педагогикалық тәсілдер (құзыреттілік, әрекеттік, рефлексивтік) негізінде құрылған және келесілерді меңгеруді қарастырады:

- белсенді және интерактивті оқыту әдістері;
- жобалық және зерттеушілік технологиялар;
- цифрлық құралдар (оның ішінде портфолио қалыптастыру, оқу нәтижелерін талдау және кәсіби дамуды жоспарлау үшін);
- аралас және икемді оқыту тетіктері (blended learning).

4-бөлім. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында құрылған курс бағдарламасы педагогтер үшін өте маңызды. Оқытудың сапасын арттыруға, оқытуды дараландыру мен саралауға баса назар аудара отырып, педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы жағдайында тиімді оқу-тәрбие процесін іске асыру үшін қажетті құзыреттерді қалыптастырады. Педагогтің үздіксіз кәсіби дамуына қатысты білім беру саласындағы негізгі нормативтік құжаттарды зерделейді. Оқытудың қазіргі заманғы ресурстары мен технологияларын қолдана отырып, оқу процесін жобалаудың базалық қағидаттарын игереді. Қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын құруға баса назар аудара отырып, оқытудың тиімді әдістемелері саласындағы құзыреттерді дамытады. Оқыту әдістерін әрбір оқушының қажеттіліктеріне бейімдеу мақсатында оқу процесін дараландыру және саралау тәсілдерін меңгереді.

Жалпы орта білім беру ұйымдарының педагогтарына қойылатын заманауи талаптарды түсінуін тереңдету және оларды оқу процесіне тиімді кіріктіруге, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға, білім беру жүйесі талаптарға бейімдеуге, ықпал етуге бағытталған.

5-бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.

Бағдарламаның құрылымы бағдарламаның мақсаты, міндеттері мен күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған. Орта білім беру ұйымдары педагогтерінің аттестаттаудан сәтті өтуіне, кәсіби өсудің жеке стратегиясын жоспарлауына және өз педагогикалық қызметінің тиімділігін арттыруына қажетті кәсіби құзыреттерін жетілдіруге бағытталған.

Оқытудың және критериалды бағалауды жүзеге асыру тәсілдері мен педагогикалық әдіснамаларын қарастырады. Білім беру процесіне оқыту нәтижелерін кіріктіру, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу материалдарын жобалау, оқыту процесін тиімді жоспарлау модулдері оқытудағы өзекті мәселелерге негізделген. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны мұғалімдердің кәсіби қызметімен тікелей байланысты, бірақ тәжірибеде оларда қиындықтар тудыратын өзін-өзі дамыту стратегияларына мақсатты оқытуды көздейді. Кәсіби шеберлікті арттыру үшін тәлімгерге жас мұғалімдерді қолдаудың заманауи интерактивті әдістерін қолдану, тәжірибе беру және кәсіби құзыреттілікті дамыту, жас мұғалімнің кәсіпке кіру кезеңінде қауіпсіз және табысты атмосфера құру, кері байланыстың тиімді әдістерін қолдану, сондай-ақ басшысының оқу ісі және әдістемелік ісі жөніндегі орынбасарының кәсіби өсуі мен дамуын басқару дағдылары қажет. Осыған байланысты бағдарламаның әрбір модулінде педагогтың кәсіби даму процесінде басқарушылық қызметінің негізгі бағыттары егжей-тегжейлі қамтылған.

6-бөлім. Оқу процесін ұйымдастыру.

Бағдарламаның мазмұны модуль тақырыптары бойынша тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Оқу үдерісі белсенді және интерактивті нысандарды, құзыретті оқыту және бағалау әдістерін: семинарлар, тренингтер, имитациялық, рөлдік, іскерлік ойындар, практикалық жұмыс, жеке кейстерді шешу және ұсыну, оқу-кәсіби пікірталастар, шеберлік сыныптары, авторлық өнімдерді қорғау арқылы оқытылатын модуль шеңберінде нақты жағдайға барынша жақындата отырып, тыңдаушының қызметін модельдеуге мүмкіндік береді.

Өзіндік жұмыс үдерісінде педагог тренер сессиялары процесінде алған білім мен дағдыларды тереңдетіп зерделеуге және практикалық қолдануға бағытталған практикалық тапсырмаларды орындайды. Бұл формат өз оқуына жауапкершілікті, уақытты жоспарлай білу мен қойылған міндеттерді шешу үшін қажетті ресурстарға қол жеткізуді дамытады. Дербес жұмыс әрбір қатысушыға материалды өзіне қолайлы қарқында, орны мен уақытында зерделеуге, теориялық білімді нақты жағдайға қолдануға мүмкіндік береді, бұл оң әсерді қалыптастыруға әкеледі.

7-бөлім. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

Бағдарлама педагогтерді үздіксіз кәсіби дамытудың тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздерін, нормативтік талаптарды, ғылым мен практиканың жетістіктерін ескере отырып, ПҮКД-ның мәні, процестері мен ұйымдастырылуы туралы түсініктерді жүйелейді. Педагогикалық дизайн, нейропедагогика ресурстарын қолдану, білім алушылардың әлеуметтік және эмоционалдық интеллектісінің ортасы, сабақты бақылау және зерттеу әдістері, пәндік және әдістемелік білім тапшылығының орнын толтыру негізінде оқытуды жобалайды. Бағаланатын оқу тапсырмаларын құру, сабақ жоспарларын жобалау дағдыларын жетілдіру міндеттері қойылған. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жұмыс бағдарламасы және сабақ жоспарлары, практикалық тапсырмалар, интерактивті ресурстар, презентациялар, өзіндік жұмыс материалдары, бағалау материалдары және

бағалау критерийлерін қамтитын курстың оқу-әдістемелік материалдарымен ұсынылған.

Бағдарлама тақырыптары жаңашыл типте құрылған. Жұмыстың мақсаты, міндеттері, күтілетін нәтижелері, оқу жоспары, курста оқу процесінің форматы, сағат саны, оқыту нысаны, құрылымы, мазмұны талапқа сәйкес. Бағдарламаны іске асырудағы дидактикалық көзқарас сипатталған және курста оқу бойынша оқыту нәтижелерін бағалау ерекшеліктері, курстан кейінгі қолдау көрсету форматы, негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі берілген.

8-бөлім. Оқу нәтижелерін бағалау.

Бағалау процесінде объективті бағалау принциптері негізінде жүзеге асыру көзделген. Тындаушылардың курс бойынша білімдерін бағалау диагностикалық, аралық, қорытынды бағалау негізінде жүргізіледі. Курс тындаушыларының жұмысы нәтиже қарай бақылау және тест тапсырмаларын орындау, ықшам сабақты қорғау, сондай-ақ арнайы тақырыптар бойынша берілетін практикалық жұмысты орындау тестілеу түрінде өтеді.

Оқытудың нәтижелерін қорытынды бағалау тындаушылардың теориялық білімді меңгеруін және бағдарлама аясында зерттелген негізгі тұжырымдамаларды түсінуін тексеруге бағытталған.

Қорытынды тестілеу оқытудың нәтижелерін бағалаудың негізгі әдісі болып табылады. Жалпы сұрақтар саны – 25 тест тапсырмасын құрайды. Өзін-өзі бағалау қосымша қолдауды қажет ететін салаларды, сондай-ақ тындаушылар шеберлік деңгейін көрсететін кәсіби қызмет аспектілерін анықтауға көмектеседі.

9-бөлім. Курстан кейінгі қолдау.

Курстан кейінгі кезеңдегі тренер мен тындаушы арасындағы қарым-қатынас матрицасы негізінде жүзеге асырылады.

Біліктілік арттыру курстарынан өткен педагогтердің алған білімдерін тәжірибеде сапалы түрде іске асыруын қамтамасыз ету мақсатында бір күнтізбелік жыл бойы курстан кейінгі қолдау көрсетеді.

Оқудан кейін консультативтік және (немесе) әдістемелік көмек алу үшін тындаушы қажеттілік туындаған жағдайда, InfoLesson білім беру платформасындағы әр біліктілікті арттыру курсына қоса берілген нысанды толтыру арқылы сұрау жібереді. Сұрау педагогтің өткен біліктілікті арттыру курсы бойынша кейінгі қолдау алу мақсатында жасалған өтініші болып табылады.

10-бөлім. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Жалпы орта білім беру ұйымдарының педагогтарына арналған «Аттестаттауға дайындық: педагогтің кәсіби өсу стратегияларын тиімді қалыптастыру» атты біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасының негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі бағдарлама тақырыбына сәйкес келеді.

Сараптамалық қорытынды:

Жалпы орта білім беру ұйымдарының педагогтарына арналған «Аттестаттауға дайындық: педагогтің кәсіби өсу стратегияларын тиімді қалыптастыру» атты біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы орта білім беру ұйымдары педагогтерінің аттестаттаудан сәтті өтуіне, кәсіби өсудің жеке стратегиясын жоспарлауына және өз педагогикалық қызметінің тиімділігін арттыруына қажетті кәсіби құзыреттерін жетілдіру және білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу процесіне тарту стратегияларын тиімді қолдануды ұйымдастырудың теориялық және практикалық аспектісін ашатын тақырыптар жүйеленген.

Бағдарлама бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша оқытушылардың көпдеңгейлі тапсырмалар әзірлеуіне ықпал етеді. Педагог оқытудағы әдіснамалық негіздердің мазмұны мен құрылымын біледі және түсінеді.

Негіздеме: «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «27» тамыз 2022 жылғы № 384 бұйрығында көрсетілген талаптарға, Қазақстан Республикасы Білім министрінің №95 «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» бұйрығына (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 желтоқсанда №31053 тіркелген) сәйкес жасалған. Жалпы орта білім беру ұйымдарының педагогтарына арналған «Аттестаттауға дайындық: педагогтің кәсіби өсу стратегияларын тиімді қалыптастыру» атты біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы келісілді.

Сараптама кеңес отырысының № 40 хаттамасы, 23.04.2026 жыл

Сарапшы

